

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**THE BULLETIN**

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

1

JANUARY – FEBRUARY 2021

---

ALMATY, NAS RK

---

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы "ҚР ҰҒА Хабаршысы" ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

Б а с р е д а к т о р ы  
х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі  
**М.Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Ресей)  
**Абылкасымова А.Е.** проф., академик (Қазақстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Велесько С.** проф. (Германия)  
**Велихов Е.П.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Кабульдинов З.Е.** проф. (Қазақстан)  
**Қалимолдаев М.Н.** проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Қамзабекұлы Д.** проф., академик (Қазақстан)  
**Қойгелдиев М.К.** проф., академик (Қазақстан)  
**Лупашку Ф.** проф., корр.-мүшесі (Молдова)  
**Новак Изабелла** проф. (Германия)  
**Полещук О.Х.** проф. (Ресей)  
**Поняев А.И.** проф. (Ресей)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Таймагамбетов Ж.К.** проф., академик (Қазақстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Шәукенова З.К.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Тәжікстан)

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**  
**ISSN 1991-3494 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде  
12.02.2018 ж. берілген № **16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

**Тақырыптық бағыты: *іргелі ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер нәтижелерін жария ету.***

Мерзімділігі: жылына 6 рет.  
Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220,  
тел.: 272-13-19, 272-13-18, <http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор  
д.х.н., проф. академик НАН РК  
**М.Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Россия)  
**Абылкасымова А.Е.** проф., академик (Казахстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Велесько С.** проф. (Германия)  
**Велихов Е.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Кабульдинов З.Е.** проф. (Казахстан)  
**Калимолдаев М.Н.** академик (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Камзабекулы Д.** проф., академик (Казахстан)  
**Койгельдиев М.К.** проф., академик (Казахстан)  
**Лупашку Ф.** проф., чл.-корр. (Молдова)  
**Новак Изабелла** проф. (Германия)  
**Полещук О.Х.** проф. (Россия)  
**Поняев А.И.** проф. (Россия)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Таймагамбетов Ж.К.** проф., академик (Казахстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Шаукенова З.К.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., академик РАН (Россия)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Таджикистан)

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

**Тематическая направленность:** *публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.  
Тираж: 2000 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.  
<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2021

Адрес типографии: «NurNazGRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Editor in chief

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

**M.Zh. Zhurinov**

Editorial board:

**Abiyev R.Sh.** prof. (Russia)  
**Abylkasymova A.E.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Avramov K.V.** prof. (Ukraine)  
**Appel Jurgen,** prof. (Germany)  
**Banas Joseph,** prof. (Poland)  
**Velesco S.,** prof. (Germany)  
**Velikhov Ye.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Kabuldinov Z.E.** prof. (Kazakhstan)  
**Kalimoldayev M.N.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief  
**Kamzabekuly D.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Koigeldiev M.K.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Lupashku F.** prof., corr. member (Moldova)  
**Nowak Isabella,** prof. (Germany)  
**Poleshchuk O.Kh.** prof. (Russia)  
**Ponyaev A.I.** prof. (Russia)  
**Sagiyan A.S.** prof., academician (Armenia)  
**Taimagambetov Zh.K.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Khripunov G.S.** prof. (Ukraine)  
**Shaukenova Z.K.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Yuldashbayev Y.A.,** prof., academician of RAS (Russia)  
**Yakubova M.M.** prof., academician (Tadjikistan)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**  
**ISSN 1991-3494 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. **16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

**Thematic focus:** *publication of the results of new achievements in the field of basic sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 2000 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2021

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

Л. Бекенова<sup>1</sup>, С. Велесько<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Алматы экономика және статистика академиясы, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Қолданбалы ғылымдар университеті, Митвайда, Германия

## САЛАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ: ШАРТТАРЫ МЕН ФАКТОРЛАРЫ

**Аннотация.** Зерттеудің мақсаты – бәсекеге қабілеттілік факторлары мен шарттарын анықтау және оларға ықпал ету тетіктерін әзірлеу үшін жүйелеу. Зерттеу саланың бәсекеге қабілеттілік факторларының ерекшеліктерін ғылыми танудың жүйелік және диалектикалық тәсілдерін қолдануға негізделген. Зерттеудің ақпараттық базасын зерттеу тақырыбындағы монографиялық зерттеулер, кезеңдік баспа және электрондық жарияланымдар құрайды. Мақалада бәсекеге қабілеттілік мазмұнын зерттеудің ғылыми тәсілдеріне талдау жүргізілген. Саланың бәсекеге қабілеттілік факторлары олардың сыныптамасы тұрғысынан қарастырылған. Бәсекеге қабілеттіліктің ішкі және сыртқы факторлары егжей-тегжейлі талданған. Саланың бәсекелік артықшылықтарының жиынтығын сипаттайтын ішкі фактор детерминанттарының мазмұны ашылған. Қазақстан нарығында бәсекелік мінез-құлықтың әмбебап сызбаларының болмау шарттарында сыртқы ортаны бағалаудың негізгі параметрлері көрсетілген. Одан басқа, саланың бәсекеге қабілеттілігінің ішкі ортасына талдау жүргізу ерекшелігі анықталып, сыртқы ортаны бақылау деректерімен өзара байланыстылығы негізделген. Саланың бәсекелік әлеуетінің құрылымы әзірленген және негізделген. Саланың бәсекелік әлеуетін жүйелік тәсіл тұрғысынан талдау нәтижесінде оның басты ерекшелігі анықталған. Мемлекеттік және нарықтық реттеу тетіктерінің арақатынасы бойынша қорытындылар жасалған. Одан басқа, ықпалдасу үдерістерінің дамуы және бәсекелестіктің күшею шарттарында отандық өндіріс тиімділігін жоғарылау және жаһандандудың келеңсіз салдарының бейтараптандыру мақсатында шаралар ұсынылған.

**Түйін сөздер:** саланың бәсекеге қабілеттілігі, бәсекелік факторлар, сыртқы және ішкі орта, бәсекелік әлеует, бәсекелік талдау.

**Кіріспе.** Бәсекеге қабілеттілікті басқару мәселесі оның факторлары мен шарттарын анықтаумен тығыз байланысты. Факторларды ғылыми жүйелеу саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында оларға әсер ету тетіктерін анықтауға және негіздеуге мүмкіндік береді. Айта кету керек, ғылыми әдебиеттерде бұл мәселені зерттеуге жеткілікті назар аударылған. Солай бола тұра, саланың бәсекеге қабілеттілік деңгейіне көптеген факторлардың жеке және кешенді ықпалын бағалау көбіне нақты тарихи және әлеуметтік-экономикалық шарттарға байланысты. Бұл нарықтық ортаның серпінділігіне, нарықтық ортаның белгісіздігінің күшеюіне және жаһанданду қаупінің ұлғаюына байланысты. Бұл жағдайда бәсекеге қабілеттілікті басқарудың ғылыми негізделген нысандары мен әдістерін әзірлеу күрделене түседі және байыпты тәсілді қажет етеді.


**Әдістер.** Зерттеу саланың бәсекеге қабілеттілігі факторларының сипаттамалары туралы ғылыми білімге жүйелі және диалектикалық тәсілдерді қолдануға негізделген. Зерттеу барысында бақылау, сипаттау, талдау және синтез сынды жалпы ғылыми зерттеу әдістері, сонымен қатар танымның формалды-логикалық және басқа әдістері қолданылды.

**Нәтижелер.** Бәсекеге қабілеттіліктің мазмұнына қатысты ғылыми көзқарастарды зерттеу бір-қатар маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Бәсекеге қабілеттілік иерархиясының мезо-деңгейін ескере отырып, сондай-ақ саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторлары мен шарттарын зерттеу тұрғысында олардың дамуы негізінен келесі ережелерге сүйенеді.

Бәсекеге қабілеттіліктің серпінді ұғым екендігіне сүйене отырып, оның мазмұны, ықпал ету объектілері мен нысандары оның белгілі бір сапалы деңгейіне жетуіне байланысты ішінара

өзгеріске ұшырайды. Бұл нақты тарихи және әлеуметтік-экономикалық шарттарда бәсекеге қабілеттілік факторларын анықтаған жөн дегенді білдіреді. Белгілі бір фактордың мәні бәсекеге қабілеттіліктің иерархиялық деңгейіне, аймақ, сала, кәсіпорын ерекшеліктеріне байланысты түрлі болады [1]. Авторлық ұстаным бәсекеге қабілеттілік белгілі бір субъектінің бастапқыда алған бәсекелестік артықшылықтарының белгілі бір жиынтығын ғана білдірмейтіндігіне негізделген; бұл – бақыланатын параметр. Осыған байланысты оның ұлғаю жағдайы қолда бар әлеуетке ғана емес, басқару тиімділігіне де байланысты. Жүйелік тәсіл бойынша кез келген элемент жүйенің басқа элементтерімен өзара байланысты, бұл саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру тетіктерін әзірлеуде ескерілуі керек. Өнеркәсіпке қатысты, авторлардың пікірінше, бәсекеге қабілеттілік факторларын тиімді басқару оның жаңа сапалы жағдайға әкелуі ықтимал негізгі және сатып алынған шарттардың жиынтығы ретінде қарастырған жөн. Бұл анықтама жоғарыдағы тұжырымдарды көрсетеді.

**Талқылау.** Әлемдік тәжірибе мен Қазақстан экономикасының жұмыс істеу ерекшеліктері көрсеткендей, сала жағдайы көптеген параметрлерден тұрады. Бәсекеге қабілеттілік факторларын бірқатар белгілер бойынша жіктеуге болады: салаға қатынасы, пайда болу түрі, басымдығы, ресурстық әлеуеті, деңгейі, әсер ету сипаты (1-сурет).



Ескерту: авторлар әзірлеген

1-сурет – саланың бәсекеге қабілеттілігі факторларының сыныптамасы

Бәсекеге қабілеттіліктің ішкі факторлары саланың бәсекелік артықшылықтарын білдіреді, бұл оларды үнемі бақылау және жетілдіру арқылы бәсекеге қабілеттіліктің жаңа сапалы өсуіне мүмкіндік береді. Ішкі факторлардың детерминанттары саланың бәсекелік артықшылықтарының жиынтығын сипаттайды және ресурстар, өндіріс және басқару шарттарын қамтиды (1-кесте).

1-кесте – Саланың бәсекеге қабілеттілігінің ішкі факторларының сипаттамалары

Ішкі факторлардың детерминанттары	Бәсекелік факторлары
Ресурстық шарттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>– пайдалы қазбалардың болуы;</li> <li>– саланың көлік инфрақұрылымының мүмкіндіктерін анықтайтын қолайлы географиялық орналасуы;</li> <li>– қолайлы климаттық жағдайлар;</li> <li>– энергия, су, шикізат көздеріне еркін қолжетімділік;</li> <li>– кадрлық ресурстар және т.б.</li> </ul>
Өндірістік шарттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>– негізгі қорлардың болуы және оларды үнемі жетілдіру, оларды жаңартуды қамтамасыз ету мүмкіндіктері;</li> <li>– өндірістік-логистикалық әлеует, оның ішінде өндірістік кешенді ғана емес, өнімді кейін сату үшін дамыған инфрақұрылымның болуы (қойма, лифт, жүк көтергіш жабдық, кірме жолдар және т.б.);</li> <li>– заманауи технологиялар мен инновациялар;</li> </ul>
Басқару шарттары	<ul style="list-style-type: none"> <li>– ұйымдастырушылық және басқарушылық әлеует;</li> <li>– корпоративтік басқару және корпоративті мәдениет деңгейі;</li> <li>– меншік иелері мен басқару арасындағы қатынастар жүйесі;</li> <li>– мотивацияны ынталандыру және кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін құру;</li> <li>– өндірісті басқару стратегиясы мен тактикасының заманауи нысандары мен әдістері;</li> <li>– есеп жүйелерінің компьютерлік технологиялары, бюджеттеу, қаржылық-шаруашылық қызметті жоспарлау, бағалау және бақылау, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау және т.б.</li> </ul>
Ескерту: авторлар әзірлеген.	

Ресурстық жағдайлар белгілі бір салада бастапқыда болатын бәсекеге қабілеттілік факторларын сипаттайды. Олар өндірісті дамытуға және бәсекеге қабілетті өнім жасауға қуатты негіз жасайды. Бұл олардың иелік етуі басқарушы қызметкердің бәсекеге қабілеттіліктің басқа факторларына қол жеткізу үшін күш-жігерін шоғырландыру жағдайын білдіреді. Бастапқыда ресурстардың белгілі бір шарттары жоқ бірдей салалар оларға қосымша қаражат (шикізат сатып алу, энергия шығыны, шикізат, көлік шығыны және т.б.) жұмсайды. Әрине, бұл мұндай субъектілердің өндірісті дамытуға және бәсекеге қабілетті өнім шығаруға жағдай жасау мүмкіндігін азайтады.

Өндірістік детерминанттарға сала кәсіпорындарында өнімді өндіру мен өткізуді ұйымдастыру шарттарын сипаттайтын бәсекелік артықшылықтар жатады.

Бәсекелестік артықшылықтарды анықтаушы ретінде басқару шарттары, түптеп келгенде, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың стратегиялық мақсатына қол жеткізуге байланысты факторларды анықтайды. Бұл жағдайлар өндіріс факторларымен салыстырғанда субъективті және түзетуге ыңғайлы [2].

Нарықтық экономика жағдайында барлық субъектілер бәсекелестік ортада жұмыс істейді. Осыған байланысты саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру саясатын жасау үшін сыртқы факторлар маңызды.

Бірқатар салалық нарықта кәсіпорындардың жұмыс істеуі үшін сұраныс факторлары бірінші кезекте тұрады, өйткені тиімді сұранысты шектеу кәсіпорындар ассортиментін де, баға саясатын да анықтайды [3]. Бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканы қалыптастыру бәсекеге қабілетті өндіріс құру факторларына негізделген.

Әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайлардың күрт өзгеруі, әлемдік экономикалық қатынастар географиясының кеңеюі және олардың күрделенуі, өзгерістердің сапалық сипаты мен қарқынының өзі ұйым басқаруда күрделі мәселелер туғызды және жылдам өзгеріп отыратын жағдайда оларды басқарудың ұйымдастырушылық қағидаларын қайта қарауды талап етті.

Қазіргі жағдайда әр кәсіпкер үшін бір жағынан Қазақстандағы қазіргі нарықтық жағдайға және оның даму үрдістеріне, екінші жағынан, нақты өндіріс ерекшеліктеріне сәйкес келетін тиімді бәсекелестік құралдарын ұсыну үшін қазіргі нарықтық жағдайды дұрыс бағалау өте маңызды.

Нарық конъюктурасы жыл өткен сайын күрделене түсуде, бұл нарық шекараларының біртіндеп кеңеюіне және жоғары бәсекелі ортада жұмыс тәжірибесі бар шетелдік компанияларды тартуға байланысты. Осы тәжірибені қазақстандық кәсіпкерлердің тікелей қолдануы көбіне оның бірегей-



лігіне, нарықтағы бәсекелестік мінез-құлықтың әмбебап сызбаларының болмауына байланысты қиынға соғады. Бұл жағдайда кәсіпорындарға сыртқы ортаны үш параметр бойынша бағалау ұсынылады [4]:

- ағымдағы қызметтің түрлі аспектілеріне әсер ететін өзгерістерді бағалау;
- ағымдағы қызметке қауіп төндіретін факторларды анықтау. Бәсекелестердің қызметін бақылау көп жағдайда кәсіпорынға ықтимал қауіп-қатерге дайын болуға мүмкіндік береді;
- жоспарды түзету арқылы мақсатқа жету мүмкіндіктерін көрсететін факторларды анықтау.

Сыртқы ортаны талдау бірнеше әдісті қолдануды көздейді; бұл негізінен SWOT-талдаудың (күшті жақтары (strengths), әлсіз жақтары (weakness), мүмкіндіктер (opportunities), қатерлер (threats) бөлігі болып саналады. SWOT-талдауда формалды әдістемесі жоқ және ол талдаушының сараптамалық бағалауының бір түрі болып есептеледі [5], [6].

Кәсіпорын макроортасының талдамасы PEST-талдауын (P – political legal – саяси-құқықтық, E – Economic – экономикалық, S – Sociocultural – әлеуметтік-мәдени, T – Technological forces – технологиялық факторлар) қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, оның мақсаты – кәсіпорынның ағымдағы және болашақ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін сыртқы орта факторларын анықтау және бағалау болып саналады [7]. Сонымен қатар, кәсіпорын бақылауында болмайтын, бірақ басқару нәтижелеріне әсер ететін оқиғалар белгіленеді. Әр оқиғаға белгілі бір салмақ тағайындау арқылы диагностика жүргізіледі, яғни бірден (ең маңызды) нөлге дейін (маңызды емес). Салмақ қосындысы бірге тең болуы керек. Әр оқиғаның әсері 5 балдық шкала бойынша бағаланады (5 – күшті әсер, 1 – қауіп жоқ). Орташа өлшенген баға оқиға салмағын оның әсер ету күшіне көбейту арқылы анықталады. Содан кейін берілген кәсіпорын бойынша жалпы салмақтық балл есептеледі [8].

Ішкі ортаны талдау сыртқы ортаның мониторингтік деректері негізінде дәйекті түрде жүзеге асырылады. Бұл қоршаған ортаның факторлары кәсіпорынның өндірістік қызметіне түрлі дәрежеде әсер ететіндігіне байланысты, демек, оның қаржылық нәтижесінде көрінеді [9].

Өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілік факторларын табиғи және жасанды деп бөлу әсер ету сипаты мен бағытын анықтайтын шарттарды саралаудың орындылығын білдіреді. Табиғи бәсекелестік артықшылықтарға ие болу географиялық орналасу, табиғи-климаттық жағдай, табиғи ресурстардың болуы және т.б. байланысты. Бірқатар өндірістер мен салалар үшін олардың иелік етуі көбінесе жұмысының бастапқы шарттарын анықтайды және иелерін әдейі неғұрлым тиімді жағдайларға қояды. Көрсетілген артықшылықтары жоқ субъектілер оларды алуға қосымша күш жұмсайды, бұл олардың мақсатына жету қабілетін төмендетеді. Сонымен қатар, кез келген ресурстар, шын мәнінде, таусылатындығын атап өткен жөн [10], [11]. Бұл бәсекеге қабілеттілікті серпінді құбылыс ретінде қарастырудың орындылығын және басқаруға бейімделу қажеттілігін көрсетеді. Егер субъект қосымша бәсекелестік артықшылықтарға жету үшін қаражат жұмсамаса, онда ол қалаған мақсаттарға жете алмау қаупі бар. Солай бола тұра, ереже бойынша, жоғары деңгейдегі бәсекелестік артықшылыққа жету үшін маңызды факторлар әрқашан жасанды болып саналады.

Шектелген ресурстар жағдайында ұйым өзінің негізгі күштерін бірінші кезектегі қажеттіліктерді шешуге бағыттайды. Осыған орай субъектінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатына жету көбінесе күштің дұрыс бағытталуына және белгілі бір уақыт кезеңінде мұқият назар аударуды қажет ететін негізделген басым факторларды таңдау негізінде анықталады. Көбінесе басқарушылық шешімдер бірнеше бағытта шашыраңқы болады және басқарудағы қате есептеу салдарынан сапаның жаңа деңгейіне жету мақсатына жете бермейді [12]. Сонымен қатар, саланың бәсекеге қабілеттілігі факторларын негізгі және қосымша факторларға бөлу кәсіп иесі мен басқарушы көзқарасы тұрғысынан өзгеше болады.

Отандық кәсіпорындар, тіпті жеткілікті жақсы, бәсекеге қабілетті өнімге және одан әрі дамыту әлеуетіне ие болса да, халықаралық немесе ішкі нарықта шетелдік кәсіпорындармен бәсекеге қабілетті бола алмайды. Бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі басқару жүйелерінің аса оқшауланғандығы, қатандығы және артта қалуы болып саналады.

Ресурстық әлеуетке қатысты саланың бәсекеге қабілеттілік факторларын негізгі (бастапқыда болған) және қол жеткізілген деп бөлуге болады [13], [14]. Авторлық тұжырымдамаға сәйкес, олар

бұрын қарастырылған табиғи және жасанды болып бөлінуімен бірдей емес. Негізгі факторларға тек табиғи ғана емес, еңбек ресурстарының қолжетімділігі, атап айтқанда, аумақта тұратын халықтың құрылымы, құрамы және біліктілік деңгейі жатады. Сонымен қатар, жекелеген салаларда республикадағы меншікті жекешелендіру нәтижесінде сала кәсіпорындары берген материалдық-техникалық базаның және инфрақұрылым деңгейінің негізгі факторы болуы мүмкін.

Саланың бәсекеге қабілеттілігінің қол жеткізген факторларына технологиялар, ақпараттық қолдау, негізгі құралдарды жаңарту, өндіріс үдерісі мен корпоративтік басқару жүйесі, басқару аппараттарының тиімділігі және т.б. жатады.

Саланың бәсекеге қабілеттілігі факторларын жалпы және мамандандырылған деп бөлу келесі ережелерге негізделген.


Жалпы факторлар барлық салаға тән. Оларға сыртқы факторлар, климаттық жағдайлар және географиялық орналасуы, заңнама, жалпы инфрақұрылым, білім деңгейі және т.б. жатады.

Саланың бәсекеге қабілеттілік факторларын әмбебап және мамандандырылған деп екіге бөлуге болады [15].

Бірінші топқа субъектілердің көпшілігіне бірдей сәтті қолдануға болатын немесе оларға оң әсер ететін басқару әдістері мен тетіктері кіреді.

Саланың бәсекеге қабілеттілігінің арнайы факторлары басқару құрылымын белгілі бір талаптарға келтіру қажеттілігімен ерекшеленеді. Бұл – бірегей басқару тетіктерін қажет ететін нақты факторлар. Бір жағынан, олар қосымша бәсекелестік артықшылық болып саналады. Сонымен бірге, оларды технологиялық үдеріс талаптарына сәйкестендіру үшін қосымша күш пен ресурс қажет.

Сала бүкіл әлемдік нарықта бірдей дәрежеде бәсекеге қабілетті бола алмайды, бұл әр елдің нарығындағы сұраныс ерекшеліктеріне, мемлекеттің өнеркәсіптік және сыртқы экономикалық саясатына, соның ішінде сыртқы сауда туралы халықаралық келісімге, мақсатты нарық орналасқан елдегі ұқсас саланың құрамына және сапасына байланысты [16]. Осыған сүйене отырып, саланың бәсекеге қабілеттілігін сала қатысатын немесе өзінің қатысуын кеңейтуге ұмтылатын нарықта жүргізген дұрыс.



Ескерту: авторлар әзірлеген.

2-сурет – саланың бәсекеге қабілеттілігі әлеуетінің құрылымы

Ұлттық экономика секторының нақты (нарықтық) бәсекеге қабілеттілігінің екі негізгі критерийі бар.

Біріншісі, саланы сыртқы саудаға тарту, бұл оның кәсіпорындарының ұқсас шетелдік салалармен мемлекеттік протекционистік саясаттың қолдауынсыз бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Екінші критерий – өнімнің белгілі бір елдің нарығындағы нақты тауарға деген сұранысына әйкестігін сипаттайтын әр елдегі сату нарығының әрқайсысына қатысу деңгейі [17].

Кез келген экономикалық субъектінің даму деңгейі көбінесе бәсекеге қабілеттіліктің қол жеткізген деңгейімен анықталады, ол қазіргі заманғы даму жағдайында ең алдымен табиғи ресурстардың, экономиканың жоғары технологиялық секторлары, дамыған инфрақұрылым және нарықтың әлеуетті сұранысына байланысты.

Саланың бәсекелестік артықшылықтарын жүйелеу негізгі сыныптау белгілері ретінде ішкі және сыртқы факторларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді (2-сурет).

**Қорытынды.** Саланың бәсекелік әлеуетін жүйелік тәсіл тұрғысынан қарастыру оның элементтерінің ішкі өзара әрекеттесуіне байланысты туындайтын синергетикалық әсерде көрінетін оның басты ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Дәл сол уақытта, біздің ойымызша, салалық кәсіпорындардың бейімделу тетігі саланы мемлекеттік қолдау тетіктерімен толықтырылуы керек.

Мемлекет араласпайтын жағдайлар тек мінсіз нарық жүйесіне қатысты. Шындығында көптеген нарықтық ақау кездескенде экономикалық үдерістерге үкіметтің араласуы қажет. Мемлекеттік және нарықтық реттеу тетіктерінің оңтайлы арақатынасы саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі деп ойлаймыз.

Интеграциялық үдерістер мен бәсекелестіктің күшеюі жағдайындағы Қазақстан Республикасы ішкі және сыртқы нарығындағы ахуалды талдау жаһандандудың жағымсыз салдарын бейтараптандыру қажеттілігін айқындайды. Қазіргі жағдайда отандық өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар шараларды қабылдауды мақсатқа сай деп санаймыз.

Салаларды дамытудың стратегиялық басымдықтары отандық өндірушілердің қызметіне сыртқы ортаның әсер ету факторларын мұқият бағалауды қажет етеді. Салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында олардың бәсекеге қабілетті стратегиялық талдамасы, біздің ойымызша, төмендегілерді қамтуы керек:

- макроэкономикалық факторларды кешенді зерттеу;
- саланың жетекші кәсіпорындарының сыртқы экономикалық қызметінің әлеуетті деңгейін келесі көрсеткіштер бойынша бағалау: сыртқы сауда айналымы; экспорт көлемі (нақты және құнды мәнде); сыртқы сауда айналымының сальдосы; экспорттың (импорттың) географиялық құрылымы; экспорттың (импорттың) тауарлық құрылымы; белгілі бір тауар топтарының импорты (экспорты) мен өндіріс теңгерімі;
- экспортталатын өнімді өндіру тиімділігін төмендететін әкімшілік кедергілерді талдау;
- салаларды мемлекеттік қолдау саласында іске асырылатын шаралар тиімділігін бағалау және бақылау;
- қорғаныс шараларын уақытылы бастау және отандық өндірушілер үшін шамадан тыс импорттық бәсекелестіктің жағымсыз салдарын болдырмау мақсатында нарық серпіні мен импортқа сезімтал нарық сегменттерінің жағдайын бақылау;
- тәуекелді анықтауды, оларды жүзеге асыру барысында болатын залалды бағалауды, оларды басқарудың тиімді тәсілдерін әзірлеуді және жағымсыз салдарды азайтуды қоса алғанда, тәуекелді сапалы басқару;
- контрафактілік және пираттық өнімдер экспорты / импорты жағдайын бақылау және есепке алу.

Л. Бекенова<sup>1</sup>, С. Велеско<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Алматинская академия экономики и статистики, Алматы, Казахстан;

<sup>2</sup>Университет прикладных наук Митвайда, Митвайда, Германия

### КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ОТРАСЛИ: УСЛОВИЯ И ФАКТОРЫ

**Аннотация.** Цель исследования – систематизация условий и факторов конкурентоспособности для их идентификации и выработки механизмов воздействия на них. Исследование основано на применении систематического и диалектического подходов к научному познанию особенностей факторов конкурентоспособности отрасли. В процессе исследования были применены такие общенаучные методы исследования, как наблюдение, описание, анализ и синтез, а также формально-логический и другие методы познания. Информационную базу исследования составили монографические исследования, периодические печатные и электронные издания по теме исследования.

В статье проанализированы научные подходы к исследованию содержания конкурентоспособности. Факторы конкурентоспособности отрасли рассмотрены с позиции их классификации. Проведена чёткая систематизация факторов конкурентоспособности по шести основным признакам, выявлены их особенности. Подробно проанализированы внутренние и внешние факторы конкурентоспособности. Раскрыто содержание детерминантов внутренних факторов, характеризующих совокупность конкурентных преимуществ отрасли и включающих ресурсные, производственные и управленческие условия. Выделены основные параметры оценки внешней среды в условиях отсутствия универсальных схем конкурентного поведения на рынке Казахстана. Кроме того, определена специфика проведения анализа внутренней среды конкурентоспособности отрасли и обоснована его взаимосвязь с данными мониторинга внешней среды.

В результате проведения анализа конкурентного потенциала отрасли с позиции системного подхода выявлена его главная особенность, проявляющаяся в синергетическом эффекте, обусловленном внутренними взаимодействиями элементов потенциала.

Сформулированы выводы по соотношению государственного и рыночного механизмов регулирования, оптимальность которого способствует наращиванию конкурентного потенциала отрасли и обеспечению ее устойчивого развития. Кроме того, предложены меры в целях повышения эффективности отечественного производства и нейтрализации негативных последствий глобализации в условиях развития интеграционных процессов и усиления конкуренции.

**Ключевые слова:** конкурентоспособность отрасли, конкурентные факторы, внешняя и внутренняя среда, конкурентный потенциал, конкурентный анализ.

L. Bekenova<sup>1</sup>, S. Velesko<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Almaty Academy of Economics and Statistics, Almaty, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Mittweida University of Applied Sciences, Mittweida, Germany

### COMPETITIVENESS OF THE INDUSTRY: CONDITIONS AND FACTORS

**Abstract.** The aim of the study is to systematize the conditions and factors of competitiveness in order to identify them and develop mechanisms to influence them. The study is based on the application of a systematic and dialectical approaches to scientific knowledge of the characteristics of the factors of competitiveness of the industry. In the course of the research, general scientific research methods were applied such as observation, description, analysis and synthesis, as well as formal-logical and other methods of cognition. The information base of the research was made up of monographic studies, periodicals printed and electronic publications on the topic of research.

The article analyzes scientific approaches to the study of the content of competitiveness. The factors of competitiveness of the industry are considered from the perspective of their classification. A clear systematization of competitiveness factors has been carried out according to six main features, and their features have been revealed. Internal and external factors of competitiveness are analyzed in detail. The content of the determinants of internal factors characterizing the set of competitive advantages of the industry and including resource, production and management conditions is disclosed. The main parameters of assessing the external environment in the absence of universal schemes of competitive behavior in the market of Kazakhstan are highlighted. In addition, the specificity of the analysis of the internal environment of the competitiveness of the industry is determined and its relationship with the data of monitoring of the external environment is substantiated.

In the result of the analysis of the competitive potential of the industry from the standpoint of a systematic approach, its main feature is revealed, which manifests itself in a synergistic effect due to the internal interactions of the elements of potential.

There are formulated conclusions about the ratio of state and market regulation mechanisms, the optimality of which contributes to increasing the competitive potential of the industry and ensuring its sustainable development. In addition, there are proposed measures to improve the efficiency of domestic production and neutralize the negative consequences of globalization in the context of the development of integration processes and increased competition.

**Keywords:** Competitiveness of the industry, competitive factors, external and internal environment, competitive potential, competitive analysis.

**Information about authors:**

Lidiya Bekenova, PhD (Economics), Almaty Academy of Economics and Statistics, <http://orcid.org/0000-0002-0298-6817>;  
Serge Velesco, PhD (Economics), Professor University of Applied Science, Mittweida (Germany), <https://orcid.org/0000-0002-6937-8824>

**REFERENCES**

- [1] Mokronosov, A.G., Mavrina I.N. (2014). Competition and competitiveness: a textbook. Yekaterinburg: Publishing house of Ural University, 194 p. (In Rus.).
- [2] Konoplev S.P. (2008). Economics of organizations. Moscow, Prospect, 134 p. (In Rus.).
- [3] Borshcheva A.V., Ilchenko S.V. (2018). Enterprise competitiveness factors. *Business and Design Review*, 1 (9), 6. (in Rus.).
- [4] Kazbekova L., Utegenova K., Akhmetova A., Bekesheva D. (2019). Elaboration and Azzomplistic of Competitive Strategists for Industrial Enterprise. *Neschs of the National Atsademiy of Science of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Human Sciences*. ISSN 2224-5294 Volume 6, Number 328, 243–249. <https://doi.org/10.32014/2019.2224-5294.238> (in Eng.).
- [5] Maysak O.S. (2013). SWOT-analysis: object, factors, strategies. The problem of finding relationships between factors. *Caspian Journal: Management and High Technologies*. No. 1 (21). P. 151-157. ISSN 2074-1707. (in Rus.).
- [6] Zakharkina N.V. (2015). SWOT-analysis as a tool for managing the professional development of personnel in modern conditions. *Basic research*. No. 2 (2). P. 2673-2678 (in Rus.).
- [7] Sverchkova K.A., Rozhkova L.V. (2017). SWOT-analysis, PEST-analysis: possibilities and limitations of use in the practice of modern companies. *Bulletin of Penza State University*, (4 (20)), 55-59. (in Rus.).
- [8] Bakanov M.I. Sheremet A.D. (1998). The theory of economic analysis. M.: Finance and statistics, 218 p. (In Rus.).
- [9] Antonov V.G., Krylov V.V. (2006). Kuzmichev A.Yu. Corporate governance: study guide. M. : INFRA-M, P.16. (in Rus.).
- [10] Beregovaya I.B. (2015). Factors affecting the competitiveness of the enterprise. *Science Symbol*, (12-1), 90-93 (in Rus.).
- [11] Mokronosov A. G. (2011). Enterprise competitiveness: a tutorial. Yekaterinburg: Publishing house Ros. state prof.-ped. un-that, 198 p. (in Rus.).
- [12] Porter E.M. (2005). Competitive strategy: Methodology for analyzing industries and competitors. Per. from English Moscow: Alpina Business Books, 454 p. (In Rus.).
- [13] Krug E.A. (2008). Factors affecting the competitiveness of enterprises: positions of different authors. *Bulletin of Altai State Agrarian University*, (10), 95-100 (in Rus.).
- [14] Nurimbetov R.I. (2015). Competitiveness factors in market conditions. *International Journal of Experimental Education*. No. 8 (3) P.343-347 (in Rus.).
- [15] Kuchina, E.V. (2009). Methodological approaches to assessing the competitiveness of an industrial enterprise. *Bulletin of the Kurgan State University*, (2 (16)), 122-126 (in Rus.).
- [16] Zhuravleva E.L. (2007). Competitiveness management. *Regional economy: theory and practice*, (8), 103-107 (in Rus.).
- [17] Khomutova, A.I., Mishchenko L.Ya. (2006). Assessment of the competitiveness of the national economy: theoretical and methodological aspects. *Polythematic network electronic scientific journal of the Kuban State Agrarian University*, (20), 241-254 (in Rus.).

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*  
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 10.02.2021.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
20,17 п.л. Тираж 500. Заказ 1.